

## Глубокое ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемасы мен тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 485 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 желтоқсанда № 4246 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 88 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 14.03.2016 № 88 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес Глубокое ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемасы мен тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданының әкімі

А. Бекбосынов

Глубокое ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" қазан  
№ 485 қаулысына  
1 қосымша

## Глубокое ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың схемасы

|   | Тура бағыт                                                                      | Кері бағыт                                                                     |
|---|---------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Зимовье ауылы - "Быструха орта мектебі кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | "Быструха орта мектебі кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі -Зимовье ауылы |
| 2 | 226 өткел - "Прапорщиково орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі        | "Прапорщиково орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - 226 өткел       |

|    |                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                            |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3  | Ново-Михайловка ауылы - Планидовка ауылы - Белокаменка негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                   | "Белокаменка негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Планидовка ауылы - Ново-Михайловка ауылы                                                  |
| 4  | Сметанино ауылы - "Переваловка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                              | "Переваловка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Сметанино ауылы                                                                              |
| 5  | Калинино ауылы - "Жана-Ертіс орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                | "Жана-Ертіс орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Калинино ауылы                                                                                |
| 6  | "Күршім" шағын ауданы- "Петушки" шағын ауданы- "Киргородок" шағын ауданы - "Ы. Алтынсарин атындағы Глубокое орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | "Ы. Алтынсарин атындағы Глубокое орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - "Киргородок" шағын ауданы, "Петушки" шағын ауданы, "Күршім" шағын ауданы |
| 7  | "Күршім" шағын ауданы -"Киргородок" шағын ауданы "Петушки" шағын ауданы -"О. Бөкей атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі           | -"О. Бөкей атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі -"Киргородок" шағын ауданы -"Петушки" шағын ауданы -"Күршім" шағын ауданы         |
| 8  | Веселое ауылы -"Винное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                      | "Винное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Веселое ауылы                                                                                     |
| 9  | Заречное ауылы - "Веселовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                 | "Веселовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Заречное ауылы                                                                                 |
| 10 | Волчиха ауылы - "Малоубинка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                 | "Малоубинка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі- Волчиха ауылы                                                                                  |
| 11 | Степное ауылы – "Ушановка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                   | "Ушановка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Степное ауылы                                                                                   |
| 12 | Черногорка ауылы -"Уварово орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                  | "Уварово орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Черногорка ауылы                                                                                 |
| 13 | Заречное ауылы - "№1 Предгорное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                             | "№1 Предгорное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Заречное ауылы                                                                             |
| 14 | Красная Заря ауылы – "Березовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                             | "Березовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Красная Заря ауылы                                                                             |
| 15 | СТФ – "Опытное поле орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                         | "Опытное поле орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - СТФ                                                                                         |
| 16 | Бобровка ауылы – "Бобровка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                  | "Бобровка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Бобровка ауылы                                                                                  |
| 17 | "Поворот" шағын ауданы – "Предгорное орта мектебі бала бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                      | "Предгорное орта мектебі бала бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Поворот" шағын ауданы                                                      |
| 18 | Секисовка ауылы – "Секисовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                | "Секисовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Секисовка ауылы                                                                                |
| 19 | Заречная көшесі – "Верх-Березовка бастауыш мектебі – бала бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                   | "Верх-Березовка бастауыш мектебі – бала бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Заречная көшесі                                                   |
| 20 | Железнодорожная көшесі - "Верх-Березовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                    | "Верх-Березовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Железнодорожная көшесі                                                                    |
| 21 | Кожохово ауылы – "Қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                     | "Қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Кожохово ауылы                                                                                     |
| 22 | Вокзальная көшесі - "Черемшанка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                             | "Черемшанка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі - Вокзальная көшесі                                                                             |

Глубокое ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" қазан  
№ 485 қаулысына 2 қосымша

# **Глубокое ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың тәртібі**

## **1. Балаларды тасымалдау тәртібі**

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі – тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

3. Тапсырыс беруші оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындауы мүмкін.

4. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

5. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

6. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

7. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

8. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.

9. Балаларды тасымалдау үшін мынандай жүргізушілерге рұқсат беріледі:

1) жасы жиырма жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған. Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл болуы тиіс.

10. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

11. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

12. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

13. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

14. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

15. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

16. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда

орналастыруына;

- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

17. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

18. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын (қолдорбалары, пакеттер және т.с.) бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

19. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:
- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
  - 2) баспалдақтардан секіруіне;
  - 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
  - 4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.
20. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:
- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;
  - 2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

## **2. Қорытынды ережелер**

21. Балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.